«Why German?» – Неміс тілі курстарына арналған стипендиялар конкурсы

Қазақстандағы Goethe-Institut «Why German?» конкурсын жариялап, онлайн немесе офлайн форматта оқытатын барлық деңгейдегі (A1–C2) неміс тілі курстарына стипендиялар ұсынады.

Бұл бастама Қазақстанның белсенді де ынталы жастарын қолдауға бағытталған. Неміс тілін үйрену арқылы білім алуға, кәсіби өсуге және тұлғалық даму үшін жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады. Біз қатысушыларға өз мақсаттарына жетуге, идеяларын дамытуға және жаңа халықаралық мүмкіндіктерді пайдалануға көмектескіміз келеді.

Конкурс екі кезеңнен тұрады: келіп түскен өтінімдер негізінде алдын ала іріктеу және іріктеуден өткен қатысушылар финалда өз идеяларын қазылар алқасына таныстырады.

Ең перспективалы идеяларды одан әрі дамыту үшін серіктес ұйымдар тарапынан сараптамалық қолдау мен сүйемелдеу көрсетілуі мүмкін. Толық ақпарат кейінірек жарияланады.

Кім қатыса алады?

Конкурсқа төмендегі талаптарға сай келетін Қазақстан азаматтары шақырылады:

- Қазақстандағы жоғары оқу орнына түсуді жоспарлап жүрген немесе бакалавриат, магистратура немесе докторантура бағдарламалары бойынша білім алып жатқан;
- неміс тілін үйренуге ынталы;
- неміс тілін білім алу, кәсіби немесе тұлғалық даму мақсатында қолданғысы келетін;
- сабақтарға тұрақты әрі белсенді қатысуға дайын.

Қатысу шарттары

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1. Түйіндеме (CV). Онда аты-жөніңіз, байланыс деректері, білім алып жатқан оқу орны, қазіргі оқу немесе мамандық бағытыңыз, сондай-ақ неміс тілі деңгейіңіз (бар болса) көрсетілуі тиіс.

2. Қазақ немесе орыс тілінде өзіңіз жазған, көлемі 300–500 сөзден тұратын мотивациялық хат.

Мотивациялық хатта келесі мәселелерді ашып көрсету қажет:

- білім алу, кәсіби даму немесе жеке өміріңізге қатысты қол жеткізгіңіз келетін мақсат;
- осы мақсатқа жетудегі неміс тілінің маңызы және тілдік дағдыларды қалай қолдануды жоспарлайтыныңыз;
- тұрақты әрі жүйелі оқуға деген ынтаңыз бен дайындығыңыз.

Бірінші кезең – финалистерді іріктеу

Өтінім **2026 жылғы 22 қарашаны қоса алғанға дейін** қабылданады.

Қазылар алқасы қатысушылардың ынтасын, қойылған мақсаттардың айқындығын, неміс тілін қолдану жоспарларын, сондай-ақ білім алу мен кәсіби даму жоспарының іске асу мүмкіндігін бағалайды. Барлық өтінім бірыңғай критерийлер негізінде қарастырылады.

Іріктеу кезеңі **2026 жылғы 1 желтоқсанға дейін** аяқталады. Нәтижелер қатысушыларға электрондық пошта арқылы жіберіледі. Финалистерге конкурстың соңғы кезеңіне дайындық туралы ақпарат та беріледі.

Екінші кезең – финал және идеяларды таныстыру

2026 жылғы 21 желтоқсанда финалистер өз идеяларын қазылар алқасына қысқа питч форматында таныстырады.

Таныстырылымға 5 минут, одан кейін қазылар алқасының сұрақтарына жауап беруге тағы 3 минут беріледі. Таныстырылымды қазақ немесе орыс тілінде өткізуге болады. Мысалы, мынадай идеялар ұсынылуы мүмкін:

- стартап-жоба немесе зерттеу бастамасы;
- мәдени немесе қоғамдық жоба;
- жеке білім алу немесе мансаптық даму жоспары.

Іске асырылған жобаның болуы міндетті емес. Ең бастысы – өз идеяңызды нанымды таныстырып, мақсатыңыз бен оны жүзеге асырудың негізгі қадамдарын айқындау, сондай-ақ қойылған мақсаттарға жетуде неміс тілінің қандай рөл атқаратынын көрсету.

Финалдың өтетін уақыты, орны мен форматы, сондай-ақ қашықтан қатысу мүмкіндігі туралы қосымша хабарланады.

Стипендиаттарды іріктеу критерийлері

Қазылар алқасы конкурс жеңімпаздары мен стипендия иегерлерін финалдық таныстырылымдар негізінде келесі критерийлер бойынша анықтайды:

- ұсынылған идеяның айқындығы мен нанымдылығы;
- идеяның неміс тілін үйренумен қисынды әрі негізді байланысы;
- ұсынылған жоспардың іске асу мүмкіндігі;
- идеяны одан әрі дамытуға деген ынта мен әлеует.

Өтінім беру

Түйіндеме мен мотивациялық хатты мына электрондық поштаға жіберу қажет:
aruzhan.beisenbayeva@goethe.de

Хаттың тақырыбында «Why German? 2026 – Аты-жөні» деп көрсету қажет.

Конкурсқа қатысуға байланысты сұрақтарды да осы электрондық пошта мекенжайына жолдауға болады.